1.3. Микрокредит алу үшін Клиент жеке басын куәландыратын құжаттардың бірінің түпнұсқасын ұсынуы қажет:

• Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;

• Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

• Қазақстан Республикасындағы шетелдіктің тұруға ықтиярхаты;

• азаматтығы жоқ адамның куәлігі;

• шетел мемлекетінің паспорты.

1.4. Құжаттың қолданылу мерзімінің аяқталу күні Кепіл билетінде белгіленген кепілдік мерзімінен кем болмауға тиіс.

1.5. Барлық есеп айырысулар Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен жүргізіледі.

2. Микрокредит беру туралы өтінішті беру тәртібі және оны қарау тәртібі

2.1. Микрокредит беру туралы шарт жасалғанға дейін Ломбард клиентке:

- микрокредит беру талаптары және микрокредит беру туралы шарт жасасу үшін қажетті құжаттардың тізбесі туралы ақпаратты;

- микрокредит беру мерзімін;

- микрокредиттің шекті сомасын;

- жылдық пайызбен немесе тіркелген сомадағы сыйақы мөлшерлемесінің мөлшерін, сыйақы мөлшерлемесінің жылдық тиімді салыстырмалы есептеудегі (нақты құны) мөлшерін, сондай-ақ клиент жүгінген күнгі микрокредит бойынша артық төлем сомасын;

- микрокредитті алуға және оған қызмет көрсетуге (өтеуге) байланысты Ломбард пайдасына алынатын тарифтер мен өзге де шығыстардың мөлшерлерін;

- микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемелер орындалмаған жағдайда клиенттің жауапкершілігі мен ықтимал тәуекелдері туралы ақпаратты;

- кепіл берушінің, гаранттың, кепілгердің және микрокредитті қамтамасыз ету туралы шарттың тарапы болып табылатын өзге де тұлғаның жауапкершілігі туралы ақпаратты;

- клиентте туындаған мәселелер бойынша консультацияларды;

- клиенттің қалауы бойынша – микрокредит беру туралы шарттың жобасын ұсынады.

2.2. Микрокредит беру туралы шарт жасалғанға дейін жеке тұлға – өтініш беруші (бұдан әрі – Өтініш беруші) микрокредитті пайдалану мақсаты және қамтамасыз ету ретінде ұсынылатын мүлік туралы мәліметтерді қамтитын өтініш ұсынады, онда ол мүліктің Қарыз алушының жеке меншік құқығында тиесілі екенін растайды.

2.3. Өтінішке қол қою арқылы Клиент микрокредит беру туралы шарт жасалғанға дейін микрокредит талаптары туралы барлық ақпаратты алғанын растайды.

2.4. Қарыз алушы ол туралы ақпаратты кредиттік бюроға және ішкі істер органдарына ұсынуға келісімге қол қойғаннан кейін, сондай-ақ кепілге ұсынылған мүлік бағаланғаннан кейін өтініш қаралған және мақұлданған болып есептеледі.

3. Микрокредит беру және қайтару тәртібі

3.1. Ломбард қызметкері Қарыз алушыны микрокредитті алу және қайтару талаптарымен таныстырады, даулы жағдайлар туындаған кезде екі тараптың құқықтарын, міндеттерін және әрекеттерін түсіндіреді.

3.2. Қарыз алушы бағалау жүргізу үшін кепіл мүлкін Ломбард қызметкеріне береді. Бағалы металдардан жасалған зергерлік бұйымдарды кепілге қою арқылы берілетін микрокредит Ломбард бекіткен тарифке сәйкес және пайыздық мөлшерлемелер туралы бұйрыққа сәйкес бағаланады. Зергерлік бұйымдар міндетті түрде химиялық реактивтермен сынақтан өткізіледі, бағалы металл жалатылған болуы ықтимал бұйымдар міндетті түрде механикалық немесе өзге тәсілмен тексерілуге жатады. Қарыз алушы сынамалау мен тексеруден бас тартқан жағдайда мұндай зергерлік бұйым кепіл ретінде қабылданбайды.

3.3. Микрокредит беру кезінде Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (Жалпы бөлім) 389-бабына сәйкес қосылу шарты болып табылатын микрокредит беру туралы шарт жасалады. Кепіл билеті шартқа қосылу туралы өтініш болып табылады және шарттың титулдық парағына теңестіріледі. Қарыз алушының кепіл билетіне қойған қолы Қарыз алушының шартты толық көлемде, ешқандай ескертулерсіз және қарсылықтарсыз оқып, түсінгенін және қабылдағанын куәландырады. Кепіл билеті 2 данада рәсімделеді және оған Қарыз алушы мен Ломбард қызметкері өз қолдарын қояды. Бұл ретте бір данасы Қарыз алушыда, екіншісі Ломбардта қалады.

3.4. Қарыз алушы Кепіл билетін микрокредит толық өтелгенге дейін бүтіндігі мен сақталуын қамтамасыз ете отырып сақтауға міндетті.

3.5. Кепіл билеті жоғалған жағдайда оның телнұсқасы Ломбардпен жеке басын куәландыратын құжаттың түпнұсқасын міндетті түрде ұсынған кезде беріледі.

3.6. Қарыз алушы кепіл мүлкін Ломбардқа жауапты сақтауға береді, ол буып-түйіліп, буып-түю талонымен мөрленеді.

3.7. Өтініш беруші Ломбардқа шарт жасасу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді, оның ішінде:

3.7.1. Қарыз алушының өзі туралы ақпаратты кредиттік бюроға және ішкі істер органдарына ұсынуға, сондай-ақ кредиттік есепті кредиттік есепті алушыға және ішкі істер органдарына беруге келісімін;

3.7.2. Қазақстан Республикасының қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы заңнамасына сәйкес өз клиенттерін (олардың өкілдерін) және бенефициарлық меншік иелерін тиісінше тексеру бойынша талаптарды орындау мақсатында Ломбардқа қажетті мәліметтерді ұсынады.

3.8. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес, жеке тұлғамен күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге, республикалық бюджет туралы заңда тиісті қаржы жылына белгіленген айлық есептік көрсеткіштің қырық бес еселенген мөлшерінен аспайтын мөлшерде жасалған микрокредит беру туралы шарттың жалпы талаптары, микрокредит беру туралы шартта көрсетілген талаптардан басқа, мынадай талаптарды қамтиды:

1) микрокредит сомасын қайтару және (немесе) микрокредит беру туралы шарт бойынша сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен әрбір күн үшін орындалмаған міндеттеме сомасының 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайызынан аспауға тиіс;

2) Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт бойынша барлық төлемдері, оның ішінде микрокредит беру туралы шартта көзделген сыйақы және тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасы, микрокредит нысанасын қоспағанда, жиынтығында микрокредит беру туралы шарттың бүкіл қолданылу кезеңі ішінде берілген микрокредит сомасының жартысынан аспауға тиіс;

3) Тараптардың келісімі бойынша микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін қолданыстағы немесе жақсартылған талаптармен күнтізбелік 90 (тоқсан) күннен аспайтын мерзімге ұзартуға жол беріледі.

3.9. Қарыз алушы кепілге қойылған мүлікті Кепіл билетінде белгіленген мерзімнен бұрын сатып алуға құқылы, бұл ретте микрокредитті пайдаланғаны үшін пайыздар микрокредитті нақты пайдалану мерзімі үшін есептеледі және клиентпен төленеді.

3.10. Ломбардтың Қарыз алушысы Кепіл билетінің мерзімі аяқталғанға дейін микрокредиттің бір бөлігін мерзімінен бұрын өтеуге не кепіл мүлкін ішінара сатып алуды жүзеге асыруға құқылы. Бұл ретте клиент микрокредитті нақты пайдалану мерзімі үшін пайыздарды төлегеннен кейін алдыңғы кепіл шарты орындалған болып есептеледі және Қарыз алушыға жаңа Кепіл билеті беріледі.

3.11. Ломбард кепілге қойылған мүлікті кепілдік күту кезеңі аяқталғанға дейін пайдалануға және оған билік етуге құқылы емес. Көрсетілген кезең өткеннен кейін негізгі борышты өтеу және (немесе) микрокредит бойынша сыйақы төлеу міндеттемелері бұзылған жағдайда Кепіл беруші Ломбардты өзінің кепіл мүлкін сауда-саттықта өткізу үшін сенім білдірілген тұлға етіп тағайындайды және ол бойынша шығындарды өтеуге қатысты наразылықтары болмайды.

3.12. Кепіл мүлкін сатып алу кезінде оны алу құқығы тек жеке басын куәландыратын құжаты болған жағдайда ғана Кепіл берушіге тиесілі.

3.13. Егер Қарыз алушы микрокредитті жеке өзі өтеп, кепіл мүлкін ала алмаса, онда бұл операция нотариалды куәландырылған сенімхаттың түпнұсқасы болған жағдайда ғана басқа тұлға арқылы жүзеге асырылуы мүмкін.

3.14. Микрокредит өтелген кезде кепіл мүлкін алу құқығы тек Қарыз алушыға тиесілі. Егер Қарыз алушы есептелген сыйақыны төлей отырып алынған микрокредитті жеке өзі өтей алмаса, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттар жоғалған жағдайда, микрокредитті өтеу операциясы кепіл мүлкін Ломбардта жауапты сақтауда қалдыру арқылы басқа тұлғамен жүзеге асырылуы мүмкін.

3.15. Қарыз алушы кепілге қойылған мүлікті мемлекеттік, оның ішінде құқық қорғау және өзге де органдар алып қойған және (немесе) тәркілеген жағдайда туындаған залалды Ломбардқа даусыз тәртіппен өтеуге міндетті.

4. Микрокредит берудің шекті сомалары мен мерзімдері

4.1. Ломбард жеке тұлғаларға жеке пайдалануға арналған жылжымалы мүлікті кепілге қою арқылы 45 АЕК-ке дейінгі мөлшерде микрокредиттер береді.

4.2. Микрокредит берудің шекті мерзімі – 45 (қырық бес) күнге дейін.

4.3. Тараптардың келісімі бойынша микрокредит беру туралы шарттың қолданылу мерзімін қолданыстағы немесе жақсартылған талаптармен ұлғайтуға (ұзартуға) болады.

4.4. Қарыз алушы шарт бойынша берілген микрокредит сомасын Ломбардқа мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға және ол бойынша сыйақыны тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей төлеуге құқылы.

4.5. Микрокредит беру туралы шартқа қатысты шарттың қолданылу мерзімін ұлғайту тек Тараптардың келісімі бойынша қолданыстағы немесе жақсартылған талаптармен ғана мүмкін болады.

5. Берілетін микрокредиттер бойынша сыйақы мөлшерлемелерінің шекті мөлшерлері

5.1. Ломбард беретін, тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 45 АЕК-тен аспайтын мөлшердегі, күнтізбелік қырық бес күнге дейінгі мерзімге берілетін микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшері – күніне 0,3 (нөл бүтін оннан үш) пайыздан кем, бірақ 179 (жүз жетпіс тоғыз) пайыздан аспайды.

5.2. Ломбард беретін, тиісті қаржы жылына республикалық бюджет туралы заңда белгіленген 45 АЕК-тен асатын микрокредиттер бойынша жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесінің шекті мөлшері – 46 (қырық алты) пайыздан аспайды.

5.3. Кәсіпкерлік қызметті жүзеге асыруға байланысты емес, жеке тұлғамен жасалған микрокредит беру туралы шарт бойынша микрокредит сомасын қайтару және (немесе) сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемені бұзғаны үшін тұрақсыздық айыбының (айыппұлдың, өсімпұлдың) мөлшері мерзімі өткен тоқсан күн ішінде мерзімі өткен төлем сомасының әрбір күні үшін 0,5 пайызынан аспауға, тоқсан күн өткеннен кейін мерзімі өткен төлем сомасының әрбір күні үшін 0,03 пайызынан аспауға тиіс, бірақ микрокредит беру туралы шарттың қолданылуының әрбір жылы үшін берілген микрокредит сомасының он пайызынан аспауға тиіс.

6. Сыйақы төлеу тәртібі

6.1. Микрокредит беру туралы шарт бойынша Ломбардқа сыйақы Қарыз алушымен микрокредитті өтеу кезінде шартта көзделген мөлшерде қолма-қол ақшамен біржолғы тәртіппен төленеді.

6.2. Егер Қарыз алушы микрокредитті мерзімінде қайтармаса, сыйақы Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің 718-бабы 5-тармағында көзделген қағидаларға сәйкес микрокредитті пайдаланудың бүкіл кезеңі үшін төленеді.

7. Ломбард қабылдайтын қамтамасыз етуге қойылатын талаптар

7.1. Микрокредит бойынша міндеттемелердің орындалуын қамтамасыз ететін кепіл нысанасы ретінде Қарыз алушыға тиесілі, жеке пайдалануға арналған, тауарлық түрі бар және жарамды күйдегі өтімді жылжымалы мүлік бола алады.

7.2. Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне (бұдан әрі – ҚР АК), Қазақстан Республикасының 1995 жылғы 12 желтоқсандағы № 2676 «Қазақстан Республикасының мемлекеттік наградалары туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2014 жылғы 7 наурыздағы № 176-V «Оңалту және банкроттық туралы» Заңына және Қазақстан Республикасының 2010 жылғы 2 сәуірдегі № 261-IV «Атқарушылық іс жүргізу және сот орындаушыларының мәртебесі туралы» Заңына сәйкес кепілге мыналарды қабылдауға жол берілмейді:

1) жылжымайтын мүлікті (жермен тығыз байланысты ғимараттар мен құрылыстарды);

2) айналымнан алынған және айналымы шектелген заттарды (суық қару, атыс қаруы, есірткі және дәрілік заттар, құрамында улы заттары бар препараттар);

3) тыйым салынған мүлікті;

4) үшінші тұлғалардың құқықтарымен ауыртпалық салынған мүлікті (кепіл, кредит, бөліп төлеу және т.б.);

5) болашақта кепіл берушінің меншігіне түсетін мүлікті;

6) тез бұзылатын шикізатты, азық-түлік өнімдерін;

7) пайдаланылған киімдерді, аяқ киімді, іш киімді, төсек-орын жабдықтарын, ас үй және асхана ыдыстарын, бағалы аң терісінен және басқа да бағалы киімдерді, асханалық сервиздерді, бағалы металдардан жасалған бұйымдарды, сондай-ақ көркемдік құндылығы бар заттарды қоспағанда;

8) өңделген және өңделмеген шашыраңқы бағалы тастарды, табиғи кесектерді;

9) балаларға арналған заттарды;

10) кәсіби қызметке қажетті мүлікті (оның ішінде оқу құралдары мен кітаптарды);

11) мүгедектердің қозғалуына арнайы арналған көлік құралдарын, техникалық қосалқы (өтемдік) құралдарды және мүгедектердің арнайы қозғалу құралдарын;

12) халықаралық, мемлекеттік және өзге де сыйлықтарды, мемлекеттік ордендерді, медальдарды және Қазақстан Республикасының құрметті атақтарына арналған төсбелгілерді;

13) медициналық мақсаттағы бұйымдар мен медициналық жабдықтарды (экспресс-тесттер, медициналық лазерлер, ультрадыбыстық терапия аппараттары, инфузиялық сорғылар және т.б.);

14) жанғыш отын арқылы пайдаланылатын құралдар мен аспаптарды, дәнекерлеу аппараттарын және т.б.;

15) қоғамдық мүлікті (қоғамдық велосипедтер, электр самокаттар және т.б.);

16) инвентарлық нөмірі бар тауарларды (яғни кәсіпорын балансында тұрған, клиенттің мүлкі болып табылмайтын тауарларды).

7.3. Ломбард кепілге мыналарды қабылдай алады:

1) бағалы металдардан жасалған зергерлік және өзге де бұйымдарды;

2) зергерлік бұйымдардың сынықтарын;

3) антиквариат заттарын, монеталарды және басқа да коллекциялық заттарды;

4) Қазақстан Республикасының заңнамасында тыйым салынбаған өзге де жылжымалы мүлікті.

7.4. Ломбардтың ішкі құжаттарымен кепілге қабылдануы мүмкін мүлікке қосымша талаптар, сондай-ақ кепіл мақсаттары үшін оның құнын бағалау мөлшерлемелері белгіленуі мүмкін.

7.5. Азаматтық заңнамаға сәйкес (ҚР АК 8-бабының 4-тармағы) кепіл нысанасын ұсынатын клиенттің адалдығы, оның ішінде заттың оған тиесілі екендігі болжанады.

7.6. Кепіл мүлкін бағалау кезінде Ломбардтың уәкілетті тұлғасы Ломбард басшысы бекіткен бағалау мөлшерлемелерін басшылыққа алады, сондай-ақ кепіл мүлкінің сапалық және сандық сипаттамаларын, тауарлық түрін, өтімділігін және құжаттарының болуын ескереді.

7.7. Зергерлік бұйымдар техникалық құралдар, химиялық реактивтер және т.б. көмегімен бағалы металдардың болуына, олардың сапасы мен түпнұсқалығына міндетті түрде тексеріледі.

7.8. Зергерлік бұйымдарды бағалау Ломбардтың уәкілетті тұлғасымен бағалы металдардың салмағы мен сапасына, сондай-ақ бұйымның жиынтықтылығы мен көркемдік құндылығына қарай Ломбард басшысы бекіткен бағалау мөлшерлемелеріне сәйкес жүргізіледі.

7.9. Зергерлік бұйымдарды бағалау кезінде кепіл мүлкінің сапалық және сандық сипаттамалары, оның өтімділігі ескеріледі. Зергерлік бұйым оның сапасы мен түпнұсқалығын тексеру үшін міндетті түрде химиялық реактивтермен сынақтан өткізіледі.

7.10. Зергерлік бұйымдар Ломбардпен ұқсас бұйымдардың нарықтық құнының 10%-ынан 90%-ына дейін бағаланады. Кепіл беруші бұйым мінсіз жағдайда болған жағдайда ғана бұйымды бағалаудың ең жоғары сомасына үміт арта алады. Кепіл беруші кепіл ретінде ұсынылған зергерлік бұйымдарды немесе зергерлік бұйымдардың сынықтарын сынамалаудан немесе химиялық реактивтермен тексеруден бас тартқан жағдайда, мұндай бұйымдар Ломбардпен қабылданбайды.

7.11. Кепіл билетінде (микрокредит беру туралы шартта) зергерлік бұйымдардың сипаттамасы қамтылады, оған: зергерлік бұйымның атауы, оның жеке сәйкестендіру белгілері, бұйымның

сақталу дәрежесі және бар ақаулары, сынамасы, бұйымның салмағы, оның өлшемдері (қажет болған жағдайда), бағалау сомасы және өзге де талаптар (қажет болған жағдайда) көрсетіледі.

7.12. Егер кепілге ұсынылған зат ішкі істер органдарынан келіп түскен мәліметтердегі ұрланған заттың сипаттамасына сәйкес келсе, Ломбард бұл факт туралы дереу ішкі істер органдарына хабарлайды.

7.13. Ломбард Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт бойынша өз міндеттемелерін тиісінше орындамаған жағдайларда оларды соттан тыс өткізу жағдайларын қоспағанда, кепілге қойылған заттарды пайдалануға және оларға билік етуге құқылы емес.

8. Жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін (ЖТСМ) есептеу қағидалары

8.1. Ломбард жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесін (бұдан әрі – «ЖТСМ») Кепіл билетінде көрсетеді.

8.2. ЖТСМ есебі:

- микрокредит шарты және оған қосымша келісімдер жасалған сәтте;

- Қарыз алушының ауызша немесе жазбаша талабы бойынша;

- Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімдерін өзгертуге әкеп соғатын микрокредит шартына өзгерістер мен толықтырулар енгізілген жағдайда жүргізіледі.

Микрокредит шартының Қарыз алушының ақшалай міндеттемелерінің сомасын (мөлшерін) және (немесе) оларды төлеу мерзімдерін өзгертуге әкеп соғатын талаптары өзгерген кезде, ЖТСМ-нің нақтыланған есептік мәні Қарыз алушы микрокредит шарты қолданылған сәттен бастап жүзеге асырған микрокредит бойынша төлемдерді есепке алмағанда, талаптар өзгертілетін күнгі берешек қалдығынан және микрокредитті өтеудің қалған мерзімінен қалыптастырылады.

8.3. Берілетін микрокредиттер бойынша ЖТСМ мынадай формула бойынша есептеледі:

$$\sum_{j=1}^{n} \frac{S_j}{(1 + APR)^{tj/365}} = \sum_{i=1}^{m} \frac{P_i}{(1 + APR)^{ti/365}}$$

мұнда:

n – Қарыз алушыға соңғы төлемнің реттік нөмірі;

j – Қарыз алушыға төлемнің реттік нөмірі;

Sj – Қарыз алушыға берілген j-төлемнің сомасы;

APR – жылдық тиімді сыйақы мөлшерлемесі;

tj – микрокредит берілген күннен бастап Қарыз алушыға j-төлем жасалған сәтке дейінгі уақыт кезеңі (күнмен);

m – Қарыз алушының соңғы төлемінің реттік нөмірі;

i – Қарыз алушы төлемінің реттік нөмірі;

Pi – Қарыз алушының i-төлемінің сомасы;

ti – микрокредит берілген күннен бастап Қарыз алушының i-төлемі жасалған сәтке дейінгі уақыт кезеңі (күнмен).

8.4. Егер ЖТСМ есептеу нәтижесінде бір ондық таңбасы бар сан алынған жағдайда, ол ондық үлеске дейін мынадай тәртіппен дөңгелектеледі:

1) егер жүздік үлес 5-ке тең немесе одан үлкен болса, онда ондық үлес 1-ге ұлғайтылады, одан кейінгі барлық таңбалар алынып тасталады;

2) егер жүздік үлес 5-тен аз болса, онда ондық үлес өзгеріссіз қалады, одан кейінгі барлық таңбалар алынып тасталады.

8.5. Микрокредит бойынша ЖТСМ есебіне Қарыз алушының микрокредит шарты бойынша негізгі борышты және (немесе) сыйақыны төлеу талаптарын сақтамауына байланысты туындаған төлемдерін (өсімпұлды, айыппұлды) қоспағанда, Қарыз алушының барлық төлемдері енгізіледі.

9. Өтініш беруші мен Қарыз алушының құқықтары мен міндеттері

9.1. Өтініш берушінің құқықтары:

9.1.1. Микрокредит беру қағидаларымен, Ломбардтың микрокредит беру тарифтерімен танысуға;

9.1.2. Микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және оны өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық әрі анық ақпарат алуға;

9.1.3. Микрокредит беру туралы шарт жасасудан бас тартуға;

9.1.4. Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

9.2. Өтініш берушінің міндеттері:

9.2.1. Ломбардқа Заңда және осы Қағидаларда айқындалған, микрокредит беру туралы шартты (Кепіл билетін) жасасу үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынуға;

9.2.2. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес өзге де міндеттерді орындауға.

9.3. Қарыз алушының құқықтары:

9.3.1. Микрокредит беру қағидаларымен, Ломбардтың микрокредит беру тарифтерімен танысуға;

9.3.2. Алынған микрокредитке микрокредит беру туралы шартта (Кепіл билетінде) белгіленген тәртіппен және талаптармен билік етуге;

9.3.3. Егер негізгі борышты және (немесе) сыйақыны өтеу күні демалыс немесе мереке күніне сәйкес келсе, негізгі борышты және (немесе) сыйақыны тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей одан кейінгі жұмыс күні төлеуге;

9.3.4. Микрокредит беру туралы шарт (Кепіл билеті) бойынша берілген микрокредит сомасын Ломбардқа тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) төлемей мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтаруға;

9.3.5. Шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен күннен бастап күнтізбелік отыз күн ішінде Ломбардқа барып, жазбаша нысанда немесе шартта көзделген тәсілмен шарт талаптарына өзгерістер енгізу туралы өтінішіне негіз болатын шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімін өткізіп алу себептері, кірістері және басқа да расталған мән-жайлар (фактілер) туралы мәліметтерді қамтитын өтініш ұсынуға, оның ішінде:

- сыйақы мөлшерлемесін немесе шарт бойынша сыйақы мөлшерін төмендету жағына өзгертуге;

- негізгі борыш және (немесе) сыйақы бойынша төлемді кейінге қалдыруға;

- берешекті өтеу әдісін немесе берешекті өтеу кезектілігін өзгертуге, оның ішінде негізгі борышты басым тәртіппен өтеуге;

- микрокредит мерзімін өзгертуге;

- мерзімі өткен негізгі борышты және (немесе) сыйақыны кешіруге, микрокредит бойынша тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) жоюға;

- шарт бойынша міндеттемені орындаудың орнына кепілге қойылған мүлікті ұйымға беру арқылы бас тарту төлемін ұсынуға;

- көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша өтініш жасауға;

9.3.6. Ломбард шешімін алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде немесе шарт талаптарын өзгерту бойынша өзара қолайлы шешімге қол жеткізілмеген жағдайда ұйымды бір мезгілде хабардар ете отырып, уәкілетті органға жүгінуге;

9.3.7. Микрофинанс омбудсманына жүгінуге;

9.3.8. Көрсетілетін қызметтер бойынша даулы жағдайлар туындаған кезде Ломбардқа жазбаша түрде жүгінуге;

9.3.9. Қазақстан Республикасының заңдарында және микрокредит беру туралы шартта белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

9.4. Қарыз алушының міндеттері:

9.4.1. Микрокредит беру туралы шартқа (Кепіл билетіне) қол қойғанға дейін Шарт талаптарымен және Ломбард бөлімшелерінде орналастырылған микрокредит беру қағидаларымен танысуға;

9.4.2. Микрокредит беру туралы шартта көзделген мерзімдерде және мөлшерде микрокредитті қайтару және сыйақы төлеу жөніндегі міндеттемелерін тиісінше орындауға;

9.4.3. Микрокредитті қайтару және сыйақы төлеу мерзімі өткен жағдайда микрокредит беру туралы шарттың (Кепіл билетінің) талаптарына сәйкес тұрақсыздық айыбын төлеуге;

9.4.4. Микрокредит беру туралы шарт (Кепіл билеті) бойынша міндеттемелерді уақтылы және тиісінше орындауға әсер етуі мүмкін барлық мән-жайлар туралы Ломбардты уақтылы хабардар етуге;

9.4.5. Тұрғылықты жері (тіркелу) мекенжайының, ұялы байланыс абоненттік нөмірінің және басқа да байланыс деректерінің өзгергені туралы тиісті өзгерістер болған сәттен бастап үш күн ішінде Ломбардты жазбаша нысанда хабардар етуге.

10. Ломбардтың құқықтары, міндеттері және шектеулері

10.1. Ломбардтың құқықтары:

Қарыз алушыдан Ломбард операцияларын жүргізу қағидаларында айқындалған Кепіл билетін ресімдеу және ол бойынша міндеттемелерді орындау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді сұратуға.

10.1.1. Ломбард келесі жағдайларда микрокредит беруден бас тартуға құқылы:

1) Қарыз алушының Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;

2) клиент ұсынған ақпараттың анық болмауы;

3) Қарыз алушының бұрын берілген микрокредит бойынша Ломбард алдында өтелмеген берешегінің болуы (оның ішінде Өтініш беруші қайта микрокредит алуға жүгінген сәтте қайтару мерзімі туындамаған микрокредит бойынша берешек);

4) Қарыз алушының кредиттік тарихында үшінші тұлғалар алдындағы өз міндеттемелерін тиісінше орындамағаны туралы мәліметтердің болуы;

5) Ломбардта микрокредиттің мерзімінде қайтарылмайды деп пайымдауға негіздердің болуы, себебі ұсынылған ақпарат немесе тексеру барысында Ломбардқа белгілі болған ақпарат Қарыз алушының төлем қабілетсіздігін куәландырады;

6) сұратылған микрокредит сомасының кепіл нысанасының бағалау құнына сәйкес келмеуі;

7) кепіл нысанасының өтімсіздігі немесе оны кепілге қабылдауға кедергі келтіретін мән-жайлардың болуы (құжаттардың болмауы, заңсыз жолмен алынуы, үшінші тұлғалардың талаптарының болуы және т.б.).

10.2. Ломбард микрокредит беруден бас тарту себептері туралы клиентке хабарлауға міндетті емес, себебі бұл құпия ақпарат болып табылады.

Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасында, өзге де заңдарында және Кепіл билетінде белгіленген өзге де құқықтарды жүзеге асыруға.

10.3. Ломбардтың міндеттері:

1) орналасқан жері немесе атауы өзгерген жағдайда бұл туралы уәкілетті органды, сондай-ақ Қарыз алушыларды (Өтініш берушілерді) Ломбард орналасқан жер бойынша қазақ және орыс тілдеріндегі екі баспа басылымында тиісті ақпаратты жариялау арқылы, сондай-ақ жеке тұлға

болып табылатын Қарыз алушының (Өтініш берушінің) заңды мекенжайы бойынша не осындай өзгерістер болған күннен бастап күнтізбелік отыз күннен кешіктірмей әрбір Қарыз алушыны (Өтініш берушіні) жазбаша хабардар ету арқылы хабардар етуге;

2) микрокредит беру қағидаларының көшірмесін Ломбард Қарыз алушысының көруі және танысуы үшін қолжетімді жерде, оның ішінде ұйымның интернет-ресурсында (бар болған жағдайда) орналастыруға;

3) Өтініш берушіге микрокредитті алуға, оған қызмет көрсетуге және өтеуге (қайтаруға) байланысты төлемдер туралы толық әрі анық ақпарат беруге;

4) Қарыз алушыны микрокредит алуға байланысты оның құқықтары мен міндеттері туралы хабардар етуге;

5) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес қаржылық мониторинг жөніндегі уәкілетті органға мәліметтер беруге;

6) микрокредит беру құпиясын сақтауға;

7) Қазақстан Республикасының «Қылмыстық жолмен алынған кірістерді заңдастыруға (жылыстатуға) және терроризмді қаржыландыруға қарсы іс-қимыл туралы» Заңында көзделген жағдайларда микрокредит беруден бас тартуға;

8) мерзімді әскери қызметтегі әскери қызметшілерге микрокредит беру туралы шарт бойынша негізгі борыш және сыйақы бойынша төлемдерді әскери қызмет өткеру мерзімін және ол аяқталғаннан кейінгі 60 күнді қамтитын кезеңге, уәкілетті орган айқындаған тәртіппен микрокредит бойынша сыйақы есептемей кейінге қалдыруға;

9) микрокредит беру туралы шартқа қызмет көрсету кезеңінде микрофинанстық ұйым клиенттің (Қарыз алушының) немесе Кепіл берушінің сұрау салуы бойынша (Заңда көзделген микрокредит беру құпиясын жария ету талаптарын сақтай отырып) сұрау салу алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде оған жазбаша нысанда немесе микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен мынадай мәліметтерді ұсынады:

- микрофинанстық ұйымға төленген ақша сомасы туралы;

- мерзімі өткен берешек мөлшері туралы (бар болған жағдайда);

- берешек қалдығы туралы;

- кезекті төлемдердің мөлшері мен мерзімдері туралы.

10) клиенттің өтініші бойынша микрокредит бойынша берешек толық өтелгеннен кейін микрофинанстық ұйым өтініш алынған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күнінен аспайтын мерзімде жазбаша нысанда немесе микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен берешектің жоқтығы туралы анықтаманы тегін ұсынады.

11) микрокредит беру туралы шарт бойынша міндеттемені орындау мерзімі өткен жағдайда микрофинанстық ұйым Қарыз алушыны хабардар етеді.

Микрокредит беру туралы шартта көрсетілген немесе Қарыз алушы микрофинанстық ұйымға микрокредит беру туралы шартта көзделген тәсілмен хабарлаған Қарыз алушының тұрғылықты

жері (орналасқан жері) бойынша жіберілетін қабылданған міндеттемелер бойынша мерзімі өткен берешектің болуы туралы хабарлама жазбаша нысанда ресімделеді.

Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген өзге де талаптарды сақтауға міндетті.

10.4. Ломбардтың құқықтары жоқ:

1) сыйақы мөлшерлемелерін (оларды төмендету жағдайларын қоспағанда) біржақты тәртіппен өзгертуге;

2) Қарыз алушыдан микрокредит бойынша сыйақы мен тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) қоспағанда, кез келген төлемдерді белгілеуге және өндіріп алуға;

3) жеке тұлға болып табылатын Қарыз алушыдан Ломбардқа микрокредит сомасын мерзімінен бұрын толық немесе ішінара қайтарғаны үшін тұрақсыздық айыбын (айыппұл, өсімпұл) және өзге де төлемдерді талап етуге;

4) кепілге қойылған заттарды пайдалануға және оларға билік етуге.

11. Кепіл нысанасына өндіріп алу қолдану

11.1. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт (Кепіл билеті) бойынша міндеттемелерді тиісінше орындамаған жағдайда Ломбард кепіл нысанасына соттан тыс тәртіппен оны соттан тыс өткізу немесе өз меншігіне айналдыру арқылы өндіріп алуды қолдануға құқылы.

11.2. Егер микрокредитті өтеу мерзімі өткеннен кейін бір ай ішінде Қарыз алушы өз міндеттемелерін орындамаса, кепіл нысанасы Ломбардпен сауда-саттық өткізбей өткізілуі немесе оның меншігіне айналдырылуы мүмкін.

11.3. Кепіл нысанасын өткізуді Ломбард дербес те, сондай-ақ мамандандырылған сауда кәсіпорындары, комиссиялық дүкендер, интернет-сервистер және т.б. арқылы жүзеге асыра алады.

11.4. Кепіл нысанасын Ломбардтың меншігіне айналдыру Ломбард басшысының бұйрығы негізінде осы мүлікті микрокредит беру туралы шарт (Кепіл билеті) бойынша Қарыз алушының орындалмаған міндеттемелерінің мөлшеріне тең құн бойынша Ломбард балансына қабылдау арқылы жүзеге асырылады.

11.5. Кепілге қойылған мүлік өткізілген немесе мұндай мүлік Ломбардтың меншігіне өткен кезде Қарыз алушының міндеттемелері және микрокредит беру туралы шарт (Кепіл билеті) бір мезгілде тоқтатылады.

11.6. Егер кепілге қойылған мүлікті өткізу кезінде алынған сома Ломбардтың кепілмен қамтамасыз етілген талабынан асып кетсе, айырма Ломбардтың орындауды алуға байланысты шығындарын (өткізу шығындары, үшінші тұлғалардың қызметтері) шегере отырып Кепіл берушіге қайтарылады.

11.7. Бір мезгілде Кепіл беруші болып табылатын Қарыз алушы кепіл нысанасын сату жүзеге асырылғанға дейін кез келген уақытта кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені немесе оның орындалуы мерзімі өткен бөлігін орындау арқылы оған өндіріп алуды және оны өткізуді тоқтатуға құқылы.

11.8. Қарыз алушы микрокредит беру туралы шарт (Кепіл билеті) бойынша мерзімі өткен міндеттемелерін кепіл нысанасына өндіріп алу қолданылғанға дейін орындаған жағдайда, Ломбард кепіл нысанасын қайтарады.

11.9. Егер кепіл нысанасы уәкілетті органдардың процестік заңға сәйкес үшінші тұлғаның пайдасына мәжбүрлеп алып қоюы нәтижесінде, ол тұлғаның иелігінен оның еркінен тыс (ұрлау, алдау, жоғалту және т.б.) шыққан жағдайда, Қарыз алушының микрокредит беру туралы шарт (Кепіл билеті) бойынша міндеттемелері тоқтатылмайды.

11.10. Мұндай жағдайда Ломбард Қарыз алушыдан кепілмен қамтамасыз етілген міндеттемені мерзімінен бұрын орындауды талап етуге, сондай-ақ берешекті қайтару бойынша шаралар қабылдауға құқылы, оның ішінде:

1) Қарыз алушыға міндеттемелердің орындалмағаны немесе тиісінше орындалмағаны туралы барлық қолжетімді байланыс құралдары арқылы, оның ішінде SMS-хабарламалар арқылы хабарлау, онда мыналар көрсетілуге тиіс:

- ұйымның атауы; ұйымның орналасқан жері;

- өзара іс-қимылды жүзеге асыратын тұлғаның тегі, аты, әкесінің аты (бар болған жағдайда), лауазымы;

- шартта көзделген берешек құрылымы, мерзімі өткен және ағымдағы негізгі борыш сомаларының қалдығы, сыйақы, комиссиялар, тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл);

- Қарыз алушының шартта, Заңда көзделген жауапкершілігі мен өзге де міндеттемелері, сондай-ақ шартта көзделген міндеттемелерді орындамаудың немесе тиісінше орындамаудың салдары туралы, сондай-ақ демалыс және мереке күндерін қоспағанда, таңғы сағат 09:00-ден кешкі 21:00-ге дейінгі кезеңде бір реттен артық емес ұялы байланыс абоненттік нөмірлеріне телефон қоңыраулары, электрондық пошта, телекоммуникациялық мессенджерлер және әлеуметтік желілер арқылы Қарыз алушы Ломбардтың интернет-ресурсында тіркелу кезінде көрсеткен деректемелер бойынша хабарламалар жіберу.

Көрсетілген шаралар шеңберінде өзара іс-қимыл жасау кезінде мынадай шектеулер сақталады:

- осы Қағидаларда көзделмеген тәсілдермен және кезеңде өзара іс-қимылды жүзеге асыруға;

- шарт шеңберінде ұйым алдында міндеттемелері жоқ үшінші тұлғамен өзара іс-қимыл жасауға, Қарыз алушының орналасқан жерін және (немесе) байланыс деректерін берешекті реттеу және (немесе) өтеу мақсатында осы Қағидаларда көзделген тәсілдермен және кезеңде анықтау жағдайларын, сондай-ақ ұйымның атауын, оның орналасқан жерін, өзара іс-қимылды жүзеге асыратын тұлғаның тегін, атын, әкесінің атын (бар болған жағдайда), лауазымын хабарлау жағдайларын қоспағанда;

- мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушыға және (немесе) оның өкіліне, және (немесе) шарт шеңберінде ұйым алдында міндеттемелері бар үшінші тұлғаға шындыққа сәйкес келмейтін тегі және (немесе) аты, және (немесе) әкесінің аты (бар болған жағдайда), сондай-ақ ұйым қызметкерінің жұмыс орны және (немесе) лауазымы туралы жалған мәліметтерді хабарлауға; мерзімі өткен берешегі бар Қарыз алушыны және (немесе) оның өкілін, және (немесе) шарт шеңберінде ұйым алдында міндеттемелері бар үшінші тұлғаны берешектің мөлшеріне, сипатына және пайда болу негіздеріне қатысты жаңылыстыруға.

12. Қорытынды ережелер

12.1. Ломбард кепілге қойылған мүліктің жоғалуы, сақталмауы немесе бүлінуі үшін жауапты болады, егер жоғалу немесе бүліну еңсерілмейтін күш салдарынан болғанын дәлелдей алмаса. Сондай-ақ кепіл мүлкінің жоғалуы немесе бүлінуі үшінші тұлғалар жасаған ұрлық салдарынан болған жағдайда Ломбард жауапкершіліктен босатылады. Ереуілдер, жаппай тәртіпсіздіктер, халықтық және әскери толқулар және т.б. салдарынан Ломбард өзіне берілген заттың сақталуын қамтамасыз ету үшін барлық қажетті шараларды қабылдауға міндетті.

12.2. Ломбард және оның қызметкерлері Қарыз алушыдан Ломбард қызметін жүзеге асыру кезінде алынған ақпараттың құпиялылығын сақтауға міндетті (талап етілмеген заттың атауын, техникалық, технологиялық және сапалық сипаттамаларын қоспағанда) және оны жария еткен жағдайда заңнамада белгіленген тәртіппен жауапты болады. Ломбард үшінші тұлғаларға Қарыз алушылар және олар тапсырған заттар туралы ақпаратты заңнамада тікелей көзделген жағдайларда береді.

12.3. Қарыз алушы мен Ломбард арасындағы шартпен, Кепіл билетімен және осы Қағидалармен реттелмеген өзара қатынастар мәселелері Қарыз алушының тілектерін барынша ескере отырып және заңнамаға сәйкес келетін талаптармен Ломбардпен шешіледі.

12.4. Осы Қағидаларға өзгерістер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін, олардың күші Қарыз алушы мен Ломбард арасында тиісті өзгерістер (толықтырулар) енгізілген күнге дейін жасалған Кепіл билеттеріне қолданылмайды.

12.5. Қарыз алушы Кепіл билетіне қол қою арқылы Ломбардқа өзінің дербес деректерін қағаз және электрондық жеткізгіштерде жинауға және өңдеуге келісім береді.

12.6. Қарыз алушы Кепіл билетіне қол қою арқылы осы Қағидаларда қамтылған талаптармен келісетінін растайды.